

1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 қазандағы N 987 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, "Аджи́п Каспи́ан Си Б.В.", "ҚМГ Қашаған Б.В.", "КонокоФилли́пс Норт Каспи́ан Лтд.", "ЭксонМобил Қазақстан Инк.", "ИНПЕКС Норт Каспи́ан Си, Лтд", "Шелл Қазақстан Девелопмент Б.В." мен "Тоталь ЭиП Қазақстан" компаниялары арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі - **ӨБК**) Екінші қосымша шарттың жобасы оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларды және **ӨБК**-ге Екінші қосымша шарттың жобасында көрсетілген ілеспе құжаттарды қоса алғанда мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Қол қойылатын нұсқа</i>	<i>К. Мәсімов</i>

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ
ТҰЛҒАСЫНДА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ,
"ҚАЗМҰНАЙГАЗ" ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ"
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ,
"АДЖИП КАСПИАН СИ Б.В.",
"ҚМГ ҚАШАҒАН Б.В.",
"КОНОКОФИЛЛИПС НОРТ КАСПИАН ЛТД.",
"ЭКСОНМОБИЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК.",
"ИНПЕКС НОРТ КАСПИАН СИ, ЛТД.",
"ШЕЛЛ ҚАЗАҚСТАН ДЕВЕЛОПМЕНТ Б.В."**

және

**"ТОТАЛЬ ЭИП ҚАЗАҚСТАН"
АРАСЫНДАҒЫ
1997 ЖЫЛҒЫ 18 ҚАРАШАДАҒЫ СОЛТҮСТІК КАСПИЙ
БОЙЫНША ӨНІМДІ БӨЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ
ЕКІНШІ ҚОСЫМША ШАРТ 2008 ЖЫЛҒЫ "___" қазан**

РҚАО-ның ескертуі: Шарттың "Жабық" белгісімен Деректер базасына енгізілмейді

.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК